

ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТИДЫ

3-БЕТ | ЕЛОРДА ТЫНЫСЫ



АВТОБУС ЖОЛАҒЫ ҺӘМ ЖҮРГІЗУШІ

4-БЕТ | САРАПТАМА



БАҒЫТ-БАҒДАРЫ ҚАНДАЙ?

8-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

> Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ,
> ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:
>
> Биыл – Қазақстанда Жұмысшы мамандықтары жылы. Осыған орай, біз ауқымды шараларды қолға алдық. Елімізде еңбек адамына әрдайым ерекше құрмет көрсетілуі керек. Мұны өскелең ұрпақтың санасына сіңіру маңызды, себебі еңбек – әрбір адамның өмірінің тұғыры, қозғаушы күші. Еңбексіз ешқандай даму, өркендеу болмайды. Бұл бастаманың мән-маңызы да осында.

№95
(4839)
Бейсенбі
14 тамыз
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



БАЛАҢЫЗ МЕКТЕПКЕ ДАЙЫН БА?

Жаңа оқу жылының басталуына екі аптадай уақыт қалды. Дәл қазір елордада балаларды мектепке дайындау науқаны қызып тұр. «Мектепке жол» акциясы аясында қаланың ірі сауда орталықтарының алаңдарында мектеп жәрмеңкелері жұмыс істей бастады.

ОРТАША ЖАЛАҚЫ – 448 МЫҢ ТЕҢГЕ

2025 жылғы II тоқсанда Қазақстан Республикасы бойынша айлық жалақының орташа деңгейі 2024 жылғы тиісті тоқсанға қарағанда 11,3%-ға өсіп, 448620 теңгені құрады деп хабарлады elordainfo.kz Ұлттық статистика бюросына сілтеме жасап.

Өңірлік бөліністе 2024 жылдың тиісті тоқсанымен салыстырғанда 2025 жылдың II тоқсанында орташа айлық атаулы жалақының ең көп өсуі Астана қаласында – 15,4%-ға, Алматы қаласында – 15,3%-ға, Алматы облысында – 14,6%-ға және Қарағанды облысында 14%-ды құрады. Салалық құрылымда ең жоғары атаулы жалақы қаржы және сақтандыру қызметі – 2,1 есе, тау-кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазуда– 2 есе, ақпарат және байланыста – 1,8 есе, кәсіби, ғылыми және техникалық қызметінде тиісінше 1,4 есе жоғары болып тіркелді.

ТӘЖІК ЖӘРМЕҢКЕСІНЕ КЕЛІҢІЗ!

Бас қалада 16-17 тамыз күндері Тәжікстан Республикасы Соғди облысының ауыл шаруашылығы өнімдері мен халық қолөнері бұйымдарының жәрмеңкесі өтеді.

Тәжікстан кәсіпкерлері ауыл шаруашылығының 1000 тоннадан астам өнімін сатуға әкеледі: жеміс-жидек, құрма, жаңғақ, көкөніс, бақша өнімдері және өзге де дәнді-дақылдар. Екі күн бойы 10 қазанда тәжік палауы (күніне кемінде 1 тонна палау), 6 тандырда нан мен самса (күніне кемінде 5000 дана) пісіріліп, келушілерге ұсынылады. Жәрмеңке 16 тамыз күні 11:00-ден 19:00-ге дейін, ал 17 тамыз күні 10:00-ден 19:00-ге дейін «Барыс Арена» маңындағы аумақта өтеді.





АСТАНА – «АҚЫЛДЫ ҚАЛА»

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жасанды интеллектіні дамытуға арналған жиында Үкімет пен Астана қаласы әкімдігінің елордада «Ақылды қала» ауқымды жобасын жүзеге асыру бойынша нәтижелі жұмыс істеп жатқанын атап өтті. Бұл туралы Президенттің баспасөз хатшысы Руслан Желдібай мәлім етті.

Руслан Желдібай Президент «Ақылды қала» жобасын Қазақстанның барлық ірі қаласында жүзеге асыруды міндеттегенін және бұл жобаны ресми түрде іске қосу желтоқсан айына жоспарланғанын айтты.

«Президент бұл тәжірибені Қазақстанның барлық ірі қаласына таратуды міндеттеді. Сонымен қатар елімізде цифрландыру мен жасанды интеллектіні дамыту айрықша маңызға ие екенін ескере отырып, Үкіметті формализмнен аулақ болуға шақырды. Мемлекет басшысы жасанды интеллект құралдарының экономиканың нақты секторына енгізілуі баяу жүріп жатқанына алаңдаушылық білдіреді. Осы орайда Үкіметке жұмысты жедел қолға алуды тапсырды» деп жазды Р.Желдібай.



БОЧЧА ТУРНИРІ ӨТЕДІ

Елордада алғаш рет 20-28 тамыз аралығында беделді халықаралық бочча турнирі – Astana 2025 World Boccia Challenger өтеді.

Бұл – Халықаралық бочча федерациясы (BISFed) аясында өтетін іріктеу жарысы. Нәтижесінде спортшылар 2028 жылы Лос-Анджелесте өтетін Паралимпиада ойындарына қатысу үшін рейтингтік ұпай жинайды. Турнирге Еуропа, Азия және Таяу Шығыс аймақтарының 13 елінен 60 спортшы қатысады. Турнир Ж.Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында өтеді.

№95 (4839) 14/08/2025 Бейсенбі



ҚОҒАМ БОЛЫП КҮРЕСУГЕ ШАҚЫРДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы өтті. Жиында нашақорлық күрделі әлеуметтік және құқықтық құбылыс ретінде қарастырылып, наркотизмге қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланды.

Кеңесте Ішкі істер министрі Ержан Сәденовтің, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің төрағасы Ермек Сағымбаевтың, Денсаулық сақтау министрі Ақмарал Әлназарованың және Қаржылық мониторинг агенттігінің төрағасы Жанат Элимановтың баяндамалары тыңдалды.

Мемлекет басшысының айтуынша, бұл әлеуметтік кеселдің белең алуына қатысты ахуал елімізде де, халықаралық ауқымда да алаңдатарлық жағдайға жетті.

– Наркотизм – заманның дерті, қоғам үшін аса қауіпті. Ол жастардың болашағына балта шабады. Ұлт саулығына қатер төндіреді. Нашақорлық пен есірткі бизнесіндегі әлемдік үрдіс алаңдатарлық сипатқа ие болды. Көптеген елдің үкіметтері аталған проблеманы физикалық және психикалық тәуелділік қана емес, ауқымды қоғамдық, экономикалық және құқықтық құбылыс ретінде қарастыра бастады. Наркотизм терминімұндай тәсілдің мән-мағынасын ашады, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сарапшылар мен ғалымдар наркотизм ұғымының нашақорлықтан әлдеқайда кең екенін, әлеуметтік, экономикалық және құқықтық проблемалармен, соның ішінде ұлттық қауіпсіздік мәселесімен ұштасып жатқанын айтады.

Президент есірткіге тәуелділер емдеу-сауықтыру шараларымен жеткілікті деңгейде қамтылмай отырғанына назар аударып, мәселені шешу қажет екенін мәлімдеді.

– Есірткіге тәуелді жандардың көпшілігі мен олардың жақындары жариялылықтан және жұртшылықтың талқылауынан қауіптеніп, проблемасын жасырады, – деді Мемлекет басшысы.

Бұл ретте мемлекеттік саясаттың нашақорларға кеңшілік танытып, ал есірткі саудасына келгенде қатаң және мүлде төзбеушілік ұстанымда болуға тиіс екені айтылды.

Қасым-Жомарт Тоқаев аталған індетке қатысты статистикалық мәліметтерді жинау мен өңдеу бағытындағы ақпараттық-сараптамалық жұмысты жетілдіру, сондай-ақ химиялық заттардың таралуын қадағалау мәселелерін тағы бір маңызды міндет деп санайды.

Президент нашақорлықтың алдын алу шараларын күшейтуді, әсіресе, білім беру мен ақпарат саласында кеңінен жұмыс жүргізуді тапсырды.

Мемлекет басшысының пікірінше, жастар арасында есірткінің насихатталуына жол беруге болмайды. Бұл ретте ол интернетте және медиа индустрияда тыйым салынған заттар мен ішімдік ішуді дәріптейтін жағымсыз үрдіс белең алғанына тоқталды.

Жиында есірткімен байланысты құқық бұзушылықты анықтау, жолын кесу мен жазалаудың тиімділігін арттыруға қатысты кешенді мәселелерге ерекше мән берілді.

– Кез келген есірткі түрінің өндірісі мен сатылымына қатаң тыйым салынып, мемлекеттің жіті бақылауында болуы керек, – деді Президент.


Қасым-Жомарт Тоқаев трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы іс-қимылды, сондай-ақ есірткі сататын орындар мен зертханалардың иелерін әшкерелеу жұмыстарын күшейту қажеттігін айтты.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы күмәнді қаржы операцияларын бақылауға алудың маңызына тоқталды. Бұл түйткіл құқық қорғау органдарының назарынан тыс қалмауға тиіс.

Жиын соңында Президент наркотизмге қарсы күреске қоғам болып жұмылудың маңызды екенін атап өтті. Сондай-ақ Үкіметке, өңір әкімдеріне және жауапты мемлекеттік органдарға нашақорлықтан сақтандыру және есірткі бизнесіне қарсы күрес шараларын күшейту жөнінде бірқатар нақты тапсырма берді.

СПУТНИКТІК ИНТЕРНЕТ ІСКЕ ҚОСЫЛДЫ

13 тамыздан бастап Starlink компаниясы Қазақстан аумағында спутниктік интернет қызметтерін ресми түрде ұсынды деп хабарлады ҚР Цифрлық даму министрлігі.



Ведомство өкілдерінің хабарлауынша, бұл ел тұрғындарына SpaceX компаниясына тиесілі төмен орбиталы Starlink спутниктері желісі арқылы жоғары жылдамдықты және сенімді интернетке қосылуға мүмкіндік береді. Биыл 12 маусымда Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі мен Starlink компаниясы қызмет көрсету барысында Қазақстан заңнамасын толық сақтау жөнінде келісімге қол қойды. Бұл келісім ақпараттық қауіпсіздік пен байланыс саласындағы барлық талапты орындауды қамтиды. Starlink технологиясы шалғай және қолжетімділігі қиын аймақтарда да тұрақты интернет қосылуын қамтамасыз етіп, халыққа заманауи цифрлық сервистерді пайдалануға мүмкіндік береді. Тарифтер, қосылу шарттары және қосымша ақпарат SpaceX компаниясының ресми сайтында жарияланды.

ТАЕКВОНДО ТАНЫМАЛДЫЛЫҒЫ АРТЫП КЕЛЕДІ

Мемлекет басшысы Бүкіләлемдік таеквондо федерациясының (WT) президенті Чунгвон Чоуды қабылдады.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Чунгвон Чоудың сапары Қазақстанның спорт қауымдастығы үшін маңызды оқиға саналатынын атап өтті. Сондай-ақ бұл Бүкіләлемдік таеквондо федерациясының елімізде аталған спорт түрінің дамуына жан-жақты қолдау көрсетуге дайын екенін білдіреді.

Мемлекет басшысы таеквондо олимпиадалық спорт түрі ғана емес, үйлесім, тәртіп және өзара құрмет қағидаттарына негізделген, дүние жүзіндегі миллиондаған адамды біріктіретін философия деп санайды.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, елордада G1 санатындағы Kazakhstan Open 2025 халықаралық рейтинг турнирін өткізу отандық спортшылардың кәсіби тұрғыдан шыңдалуына, тәжірибе алмасуына әрі Ұлттық федерацияның бәсекеге қабілеттілігін көтеруге кеңінен жол ашады. Мемлекет басшысы бірлескен күш-жігердің нәтижесінде Қазақстанда таеквондоның танымалдылығы артып, халықтар арасындағы байланыс нығая түсетініне сенім білдірді.



Чунгвон Чоу қонақжайлық танытып, Қазақстанда таеквондоның дамуына әрдайым қолдау көрсетіп келе жатқаны үшін Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтты. Бүкіләлемдік федерация басшысы турнирдің ұйымдастырылуына және еліміздегі осы спорт түріне қызығушылық деңгейіне жоғары баға берді. Сонымен қатар қазақ спортшыларының халықаралық аренадағы табысына тоқталды.

Кездесу соңында Қазақстан Президенті әлемде таеквондоның дамуына елеулі үлес қосқаны үшін Чунгвон Чоуды II дәрежелі «Достық» орденімен марапаттады.

Бүкіләлемдік таеквондо федерациясының президенті Мемлекет басшысына ерекше құрметтің белгісі ретінде тоғызыншы дан қара белбеуін табыс етті.

ПРЕЗИДЕНТ ТАПСЫРМАСЫН ОРЫНДАУҒА КІРІСТІ

Премьер-министр Олжас Бектенов Мемлекет басшысының жасанды интеллектіні дамыту жөніндегі тапсырмаларын жүзеге асыру мәселелері бойынша жиын өткізді.

Жиын барысында Президент белгілеген негізгі 9 бағыт қарастырылды. Олардың қатарында экономиканың нақты секторына, мемлекеттік басқаруға, денсаулық сақтау салаларына ЖИ енгізу, Жасанды интеллект және цифрлық трансформация стратегиясын әзірлеу, мемлекеттік қызметтерді және өтініштермен жұмыс істеу процесін дамыту, IT-архитектураны, QazTech ұлттық платформасын жаңғырту, киберқауіпсіздікті қамтамасыз ету, отандық IT стартаптарды қолдау және Smart city-ді дамыту мәселелері бар.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев Президент тапсырмаларын жүзеге асырудағы тәсілдер туралы баяндама жасады. Оның айтуынша, экономикаға жасанды интеллектіні енгізу басым міндет болып отыр. Осы бағытта Үкімет «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ-пен бірлесіп, еңбек өнімділігін арттыру үшін өндірістік процестерге ЖИ енгізу жөніндегі жол картасын әзірлеуге кірісті.

Жаңа технологиялар денсаулық сақтау саласында дұрыс диагноз қоюға, ем-шара тағайындауға және науқастарға мониторинг жүргізуге, дәрігерлерді күнделікті міндеттерден босатуға мүмкіндік береді. Бұл халыққа көрсетілетін қызметтердің сапасына, ашықтығы мен тиімділігіне оң әсер етеді.

Отандық стартаптардың Денсаулық сақтау министрлігінің инфрақұрылымына қолжетімділігі, бірыңғай медициналық деректер базасына көшуі және тағы басқалары – маңызды қадам.

Мемлекеттік қызметтер саласында Aitu-ды ұлттық мессенджер ретінде бекіту жұмыстары жүргізілуде. Мемлекеттік органдар Aitu-ға көшіп, экожүйенің негізгі қатысушылары бірыңғай цифрлық ортаға бірігеді. Бұл тәсіл заманауи, қауіпсіз әрі ыңғайлы цифрлық ортаны қалыптастыруға мүмкіндік береді, онда мемлекеттік қызметтер әрбір азаматқа «батырманы бір рет басу» арқылы қолжетімді болады. Сонымен қатар еліміздің IT ландшафтының архитектуралық үйлесімділігін арттыру, сондай-ақ деректерді қорғау және киберқауіпсіздік саласында шаралар кешені бойынша жүйелі жұмыстар көзделген.

«Мемлекет басшысы ЖИ технологияларын барлық салаға енгізудің өзекті мәселелеріне баса назар аударып отыр. Бұл мәселелерді жылдам әрі өзара тығыз әрекет ете отырып шешу қажет. Мұндағы мәселе тек ЖИ жұмысының құқықтық негізін жетілдірумен шектелмейді, одан бөлек, деректердің шашыраңқылығы, суперкомпьютердің қуатын бөлу бойынша нақты регламенттің болмауы, киберқауіпсіздік, QazTech платформасына толық көшу сынды мәселелер шешімін табу керек. Бұл міндеттердің барлығы еліміздің цифрлық трансформациясы үшін стратегиялық маңызға ие, сондықтан көзге көрінетін экономикалық нәтижемен осы жылдың желтоқсан айына дейін орындалуы тиіс» деп атап өтті Премьер-министр Олжас Бектенов.

Цифрлық даму министрлігіне мүдделі мемлекеттік органдармен және ұйымдармен бірлесе отырып, ұсынылған тәсілдерді пысықтау тапсырылды. Үкімет жақын арада нақты мерзімдері мен нәтижелері бар іс-шаралар жоспарын қабылдайды.

ЖИ-ді жедел дамыту және экономикаға енгізу, сондай-ақ Мемлекет басшысы тапсырмаларының жүзеге асырылуын бақылау мақсатында Премьер-министрдің өкімімен цифрлық трансформация жөніндегі топ (цифрлық штаб) құрылды.

Премьер-министр төрағалық ететін цифрлық штаб құрамына Премьер-министрдің орынбасары – Үкімет аппаратының басшысы, Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттік төрағасы, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі, Президенттің цифрландыру мәселелері жөніндегі кеңесшісі кірді.

Цифрлық штабтың міндетті шешімдерді жылдам қабылдауы жасанды интеллект технологияларын жедел әрі жаппай енгізуге ықпал етеді.

№95 (4839) 14/08/2025 Бейсенбі

СТУДЕНТТЕР ЖАТАҚХАНАСЫН АРАЛАДЫ

Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекпен бірге жаңа оқу жылы қарсаңында ашылатын 400 орындық студенттер жатақханасына (А.Пушкин көшесі, 13А) барды. Аталмыш әлеуметтік нысан жеке инвестиция есебінен салынды.



«Оқу жылының басталуына екі аптаның көлеміндей ғана уақыт қалды. Әлеуметтік нысандарды ашуға дайындап отырмыз. Өздеріңіз білетіндей, өзге қалалардан келетін студенттердің саны жыл сайын артып келеді. Салалық министрлікпен, университеттермен және инвесторлармен бірлесе отырып, жатақхана орындарын көбейту бағытында жұмыс істеп жатырмыз.

Елордада 2025 жылдың басынан бері шамамен 2700 орынға шақталған жатақхана пайдалануға берілді. Жыл соңына дейін 2060 орынға арналған тағы 7 нысанды ашу жоспарланып отыр. Осылайша, 2025 жылы жалпы сыйымдылығы 4716 орындық 8 студенттер жатақханасы пайдалануға беріледі.

Өткен жылы елордада жалпы сыйымдылығы шамамен 1700 орынға арналған 5 студенттер жатақханасы пайдалануға берілді. Сонымен қатар жаңа оқу жылы ішінде 15 мектеп ашамыз, оның 7-еуі «Келешек мектептері» ұлттық жобасы аясында салынады. Бұл білім беру нысандары екі ауысымда 28 мың оқушы орнын ашуға мүмкіндік береді. Сол сияқты елордада балабақшалар, Оқушылар сарайы және басқа да әлеуметтік нысандар салынып жатыр» деп жазды Жеңіс Қасымбек Instagram парақшасында.

АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден Amanat партиясы қалалық филиалы қоғамдық қабылдауында азаматтарды кезекті қабылдау өткізді.

Қабылдауға 6 адам келіп, әрқайсысы өз оқиғасын, мәселесін жеткізіп, олардың тез арада шешілуін өтінді. Өтініштердің тақырыптары әртүрлі болды. Атап айтқанда, жұмысқа орналасу мәселесінен бастап, ПИК қызметіндегі проблемалар, медициналық көмек алу және құқықтық кеңес мәселелері айтылды. Соның ішінде Сарыарқа ауданының белсенді тұрғындарымен өте мазмұнды кездесу өтті. Қазіргі өзекті мәселелер талқыланып, пікірлер мен ұсыныстар айтылып, оларды шешудің нақты жолдары белгіленді. Барлық өтініш бойынша түсініктеме беріліп, нақты шаралар қабылданды. Бірқатар мәселе өкілетті органдардың қарауына жолданды, ал қалғандары бойынша салалық мамандармен жұмыс басталды.



НАШАҚОРЛЫҚ ПЕН ЛУДОМАНИЯДАН ҚАЛАЙ ҚҰТҚАРАДЫ?

Елордадағы мемлекеттік органдар мен қызметтер есірткіге және құмар ойынға тәуелділіктің алдын алу бағытында қандай жұмыстарды атқарды? Бұл мәселе Астана қаласы мәслихатының заңдылық, құқықтық тәртіп және жұртшылықпен жұмыс мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының отырысында талқыланды.

Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Алдымен депутаттар қалалық Полиция департаментінің, Қоғамдық денсаулық сақтау, Жастар саясаты мәселелері және Білім басқармалары басшыларының күн тәртібіндегі мәселе бойынша баяндамаларын тыңдады. Елорданың Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемованың айтуынша, қалада есірткіге және құмар ойынға тәуелділерге медициналық, сондай-ақ әлеуметтік көмек қалалық Психикалық денсаулық орталығында көрсетіледі.

«Осы күндері диспансерлік есепте 891 адам тұр. Олардың 3-еуі – кәмелетке толмаған жастар. Бұл өткен жылғы көрсеткіштен 8 пайызға аз. Алғашқы рет есепке 34 адам қойылды, соның 19-ы – синтетикалық есірткіні тұтынушылар. Осы көрсеткіш те былтырғымен салыстырғанда төмен. Бірақ бұл жағдайдың жақсарғанынан емес, тиісті медициналық көмекке аз адам жүгінетініне байланысты болып отыр. Көп адам, әсіресе құмар ойынға тәуелділер, есепке тұрудан қашады. Көпшілігі жекеменшік емханаларда анонимді қызмет көрсетілетіндіктен соларға барады» деді Әлия Рүстемова.

Осы орайда қалалық мәслихат депутаты Алтыншаш Табулдина есірткі мен құмар ойынға тәуелділікке ұшырағандар оқуына, жұмысына, жүргізуші куәлігін алуына кері әсер етеді деп ойлап, есепке тұрмайтынын айта келе, ұсыныстарын жеткізді.

«Бізге қауіпсіз, қажет болса, анонимді алғашқы көмек жүйесі керек. Адам қорықпай келіп, шын мәнінде, кәсіби қолдау алуы тиіс. Мұнда заманауи технологиялар мен жасанды интеллект көмектесе алады. Сондықтан анонимді кеңес алуға арналған қорғалған арналар құру керек. Яғни пациентке қандай деректерді дәрігер көретінін таңдауға мүмкіндік беріп, қауіп-қатерді ерте анықтап, алдын алу шараларын ұсынатын алгоритмдер қолдану қажет» дейді депутат.

Астана қаласы Полиция департаменті Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл басқармасы бастығының міндетін атқарушы Еркеш Қалықов аталмыш департамент қала әкімдігімен, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдармен бірлесіп есірткі қылмысының алдын алу бойынша кешенді іс-шаралар жүргізіп жатқанын айтып, осыған тоқталды. Соның ішінде қалада «Қарасора-2025» жедел-алдын алу іс-шарасы жалғасып жатқанын жеткізді.

Қалалық Білім басқармасы басшысының орынбасары Нариман Еламанов, елорданың Жастар саясаты мәселелері басқармасы ақпараттық талдау бөлімінің басшысы Омар Сембекұлы атқарылып жатқан жұмыстармен таныстырды.

«Жүргізіліп жатқан жұмыстарға қарамастан, нашақорлық қылмысы кешенді тәсілді талап ететін өзекті мәселе болып отыр. Бұл дертпен күрес құқық қорғау органдарынан бастап ата-аналарға, педагогтар мен жастардың өздеріне дейін бүкіл қоғамның қатысуынсыз мүмкін емес. Ерекше алаңдататыны – кәмелетке толмағандардың заңсыз әрекеттерге тартылуы. Биыл жыл басынан бері 12 жасөспірім ұсталып, 233 адам есірткі және психобелсенді заттарды медициналық емес мақсатта тұтынғаны үшін әкімшілік жауапкершілікке тартылды» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

Қалалық мәслихат депутаттары баяндамашыларға сұрақтар қойып, ұсыныстарын жеткізді.

Бас қала маңындағы №1 индустриялық паркте орналасқан «Astana Ютария LTD» серіктестігі жеңіл өнеркәсіпті дамыта отырып, тұрақты жұмыспен қамту мәселесін шешуге атсалысуда. Аумағы 2 гектар жерді алып жатқан, 10 жылдық тарихы бар компанияда 250 адам еңбек етеді. Жыл сайын колледждер мен ЖОО бітірген жастарды да тәжірибеден өткізе отырып, әрі қарай жұмысқа алып қалады.

ЖАСТАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТИДЫ



Райхан РАХМЕТОВА

Мемлекеттік сатып алу арқылы тіккен бұйымдарын нарыққа шығаратын кәсіпорында кеңсеге арналған классикалық үлгімен қатар, өндірістегі басшылық құрамның және жұмысшылардың жұмыс киімдері тігіледі. Сондай-ақ төтенше жағдай қызметкерлері, әскери, күзет, жол полициясы, Қаржылық мониторинг агенттігінің кеңсе киімдері, шахтер, мұнай-газ бен теміржол саласындағы жолсеріктердің және дәнекерлеушілерге арналған арнайы топтамалар бар. Бұлардың кейбірінде жаздық және қыстық үлгідегі нұсқасы қатар дайындалады. Одан бөлек, спорт киімдері де тапсырыспен тігіледі. Тіпті көрші Ресейдің теміржолы да жұмыс киімдерін тігуге тапсырыс береді. Осыдан-ақ бұл кәсіпорынның нарықтағы орны мен қызмет сапасын бағамдай беруге болады.

Сұранысқа ие болса да, компанияда кадр тапшылығы мәселесі бар, әсіресе астаналық жастар мұнда жұмыс істеуге келе бермейді. Сондықтан көбіне тігін жабдығының операторларын, яғни тігіншілерді өзге өңірлерден шақырады. Кәсіпорын жанындағы 100 орындық жатақхана да сол үшін салынған. Атап айтқанда, биыл Түркістан облысынан келген сондай 4 маман әуелі 3 ай тәжірибеден өтіп, сосын толықтай жұмысқа алынды. Одан бөлек, тағы 8 маман қабылданды. Олардың ішінде қыз балалар – тігіншілер, ал ұлдар – қондырғыларды жөндеушілер. Өзге өңірдің жастарын Астанада өмір сүру қызықтырады, тігін цехындағы күн сайынғы бірыңғай қайталана беретін жұмысқа да солар жақсы шыдайтын көрінеді. Компания бас директорының технология және әзірлеме жөніндегі орынбасары Гүлнәр Игембаеваның айтуынша, кәсіпорын елордадағы және еліміздегі оқу орындарымен ынтымақтастықта жұмыс істеп, тәжірибеден өткізу арқылы жастарды жұмысқа тартуға тырысады. Олар тәжірибеден өткен уақытта жалақысы да, шәкіртақысы да төленеді. Оқуын бітірген соң, жұмыс істеймін деген жастарды компания жұмысқа алуға қашан да дайын, себебі кадр тапшылығы үнемі бар. Биыл жұмысқа алынған жас түлектің бірі Әмина Мұратқызы Түркістан жоғары көпсалалы колледжін бітірген.

– Былтыр колледждегі бөлім меңгерушісі осындай фабрика бар екенін естіп, кәсіпорынмен келісімшартқа отырды. Сөйтіп бізді осында жіберді. Үш ай тәжірибеден өтіп, жалақы алдым. Сосын жұмысқа қабылдандым. Қазір кәсіпорынның жатақханасында тұрамын, айына 5000 теңге ғана төлеймін. Одан бөлек, түскі ас пен түстен кейінгі тіскебасар тамақ тегін беріледі. Жұмыс таңғы 8:00-ден кешкі 17:00-ге дейін созылады, екі күн демаламыз. 300 мың теңгедей жалақы аламын. Біз сияқты жастар үшін бұл өте тиімді. Ал жұмыс барысында күн сайын арнайы жұмыс киімдерін тігіп, тәжірибеміз арта түсуде, – дейді жас тігінші.

Кәсіпорында 5 цех бар, соның бірі сырт киімдер, екіншісі костюм мен шалбар, тағы бірі логотип тігумен және бірі жабдықтар жөндеумен айналысады.

– Бір цех күніне 250 пиджак, 270 шалбар шығару керек, екінші цех әр күнде 80 сыртқы киімді дайындап беруі қажет. Цехтарға шетелден түрлі тігін машинасы сатып алынады. Бірі тіке тігіс жасайтын әмбебап машина болса, бірі түйме қадайды. Екінші күрделі цехта қалталарды өңдейтін автоматтар, шалбардың балағын жасырын тігіспен тігетін арнайы машиналар, белдіктегі корсаж лентасын тігетін машиналар және басқа да түрлі техника бар, – дейді Г.Игембаева.

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясынан тыс уақытта да қала халқын және елордаға келетін өңірлер тұрғындарын жұмыспен тұрақты қамту ісіне үлес қосып отырған кәсіпорын жұмысы қарқынды жүріп тұр. Сапалы қызметін ұсынып, өз ішінде еңбек жағдайын жасап отырған ұжымның болашағы жарқын деуге болады.



№95 (4839) 14/08/2025 Бейсенбі

Ержан ҚОЖАС



АВТОБУС ЖОЛАҒЫ ҺӘМ ЖҮРГІЗУШІ НАЗЫ

Алып шаһарға айналған бүгінгі Астананың кептелісі жылдан-жылға күрделеніп бара жатқандай ма, қалай?! Көлік тым көп. Әсіресе жеңіл машинаның руліне жармасқан жұрттың қарасы қалың. Таңғы жұмысқа келер уақыт, түскі асқа үйіне сабылғандар, кешкі жұмыстан соң жатар орынға асыққан астаналықтар. Мұның бәрі жол бойында ұзын-сонар жол кептелісін тудыратынын көз көріп жүр. Бірақ екі немесе үш жолақты (қарама-қарсы бағытты есептемегенде) кейбір көшелердің бір жолағы тек қоғамдық көлікке арналған. Ал бұл жолақпен жүрген автобустардың көбіне-көп белгілі межеге де уақытылы кешікпей баратыны да рас.

ЖОЛАҚҚА ҚАТЫСТЫ «ЖЫРЛАСАҚ»...

Автобус жолағына қатысты жеке жүргізушілердің назы бар. Дәл сондай бағытпен жүруге тыйым барын ескерсек, жеке машинасын тізгіндеген азаматтар қалған жолақтың көлік жүргізуге таршылық тудыратынын айтып әлек. Яғни кептелістің бірден-бір себебі де осыған саяды.

– Расымен, күндізгі мезгілде автобус жолағымен жүрмеу туралы ескертуге келісуге болады. Өйткені халық көп мінетін қоғамдық көлікке кедергі келтірмеу керек. Бірақ кешкі, мысалы, сағат 20:00 немесе 21:00-ден соң аталған автобус жолағымен жүруге жеке көліктерге рұқсат берсе болады емес пе? Ол уақытта аз ғана бөлігі ғана жүріп, барлық өзге маршруттың қозғалысы азаяды. Мұндай уақытта жеке автокөлікті осы жолақпен жүргізу тиімді деп санаймын. Мысалы, Амман көшесі немесе Қорғалжын тасжолында таңертең және кешке кептеліс туындайды. Мұнда үшінші жолақ автобус бағыты екенін ескерсек, қалған екі жолақта сан көлік тізіліп тұрады. Ал оның бірі солға бұрылу бағыты екенін тағы ескерсек, мұнда қалған бір ғана жолақ жеке көлік жүргізушілеріне тым қиындық тудырмай ма? – дейді қала тұрғыны Әділ Бейсенбайұлы.

Әділдің айтуынша, дәл осындай ұсыныс негізінде автобус жолағымен кештен бастап жүру Астанада пилоттық жоба негізінде енгізіліпті. Ол – Абылай хан даңғылындағы А.Пушкин көшесінен Манас көшесіне дейінгі аралық. Ал Астана қаласы ПД Әкімшілік полиция басқармасының мәліметіне сүйенсек, аталған бағыт екі шақырымға (қарама-қарсы бағытты қосқанда) жуықтайды. Осы аралықтағы учаскеде шектеулі уақытта автобус жолағы енгізіліп, яғни таңғы 06:30 мен кешкі 20:00 аралығында тек автобус пен арнайы шұғыл қызмет көлік құралдарының қозғалысын жеңілдету мақсатында іске асқан. Ал кешкі 8-ден соң аталған жолақпен өзге де жеке көліктер таңғы 6:30-ға дейін еркін жүре алады.

ТЕК АВТОБУС ҚАНА ЕМЕС

Ашып айтатын бір дүние бар. Автобус жолағымен тек қана қоғамдық көліктер ғана жүре ме? Жоқ, мұнда өзге көліктерге рұқсат бар. Астана қаласы ПД Әкімшілік полиция басқармасы жол және техникалық инспекциясы бөлімінің аға инспекторы, полиция капитаны Бауыржан Бәкірдің айтуынша, автобус жолағында арнайы қызмет көліктері де жүре алады.

«Айталық, бұл санатқа жедел жәрдем, полиция қызметкерлерінің көлігі, төтенше жағдай, өрт сөндіру, сондай-ақ мектеп оқушыларын тасымалдайтын шағын автобустар мен арнайы такси қызметі кіреді. Әскерилер, дұрысы, қала ішінде қоғамдық тәртіпті қадағалайтын Ұлттық ұлан сапындағы сарбаздар мінген автобус та осы жолақпен жүре алады. Екіншіден, салмағы 5 тоннадан асатын, жеке кәсіпкерлікке тіркелген, адам тасымалдайтын шағын автобустарға да рұқсат етілген. Яғни 16 орындықтан жоғары қоғамдық жеке көліктер де автобус жолағын пайдалана алады» дейді Бауыржан Ғалымұлы.

Оның сөзінше, бүгінде елордада барлығы 27 автобус жолағы бар. Ал олардың жалпы ұзындығы – шамамен 100,5 шақырым.

«Былтыр маусымда Ш.Айтматов көшесінде (Ш.Қосшығұлұлы көшесінен Ж.Молдағалиев көшесіне дейін) ұзындығы 10,5 шақырым автобус жолағы енгізіліп, арнайы белгілер қойылған. Сол жылы тағы 7 көшеде автобус жолағы алғаш рет енгізіліп, бұл жоба орташа тиімділікті арттыру және қоғамдық көліктің қозғалысын жылдамдату мақсатымен жоспарланған еді. Олардың жалпы ұзындығы – 58,6 шақырым. Мысалы, әл-Фараби даңғылындағы Ұлы дала және Керей мен Жәнібек хандар көшесі аралығында автобус жолағы екі бағытта ашылды. Бұл бағытта күніне 80 автобус жүреді, оған қоса шұғыл қызмет көлігіне кедергісіз қозғалысты қамтамасыз етіп отыр» дейді ол.

> Абылай хан даңғылындағы А.Пушкин көшесінен Манас көшесіне дейінгі аралықтағы учаскеде шектеулі уақытта автобус жолағы енгізіліп, яғни таңғы 06:30 мен кешкі 20:00 аралығында тек автобус пен арнайы шұғыл қызмет көлік құралдарының қозғалысын жеңілдету мақсатында іске асқан. Ал кешкі 8-ден соң аталған жолақпен өзге де жеке көліктер таңғы 6:30-ға дейін еркін жүре алады

БАСТЫ МАҚСАТ – АВТОБУС ҚОЗҒАЛЫСЫН ІРКІЛІССІЗ ЕТУ

Астананың көлік жүйесін кешенді дамыту бағдарламасымен қоғамдық көлікті дамыту және оған сұранысты арттыру мақсатында әкімдік пен қалалық ПД бірлесіп, бірқатар шараны қолға алған.

«Дамыған елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, қала бойынша автобустарға арналған арнайы қозғалыс жолағы – «Bus Lane» енгізіліп, кіреберіс «қалтасыз» аялдамалар орнатылады. Яғни бұрынғыдай үлкен жолдан арнайы аялдамаға арналған жолға түспейді. Дұрысы, қоғамдық көлік аялдамаға бағыттайтын жолға бұрылып жүрмейді. Тура жол бағытындағы өз жолағымен барып, дәл аялдама жанына тоқтай қалады. Жалпы бұл «Bus Lane» жобасы автобустардың қатынауы мен аялдамадағы кіріп-шығу уақытын қысқартып, қозғалыс жылдамдығын бұрынғыдан арттырды. Сондай-ақ жедел жәрдем, өрт сөндіру машинасы және арнайы көліктердің жолын жеңілдетіп отыр. Мінекей, осы автобус жолағын қою арқылы қоғамдық көліктердің кептеліске ұрынбауын, тұрғындардың баратын жеріне тез жетуін қамтамасыз еттік» дейді Бауыржан Бәкір.

Бауыржан «қалтасыз» аялдамаларды орнату арқылы бірнеше автобустың бір аялдамада қатар тоқтай алуына мүмкіндік туғанын айтады. Бұдан бөлек, қыс мезгілінде коммуналдық қызметтердің жұмысын жеңілдеткен. Айта кету керек, мұндай аялдамалар тек «Bus Lane» жолағы қарастырылған учаскелерде қолданылады екен.

«Қазіргі уақытта кіреберіссіз, яғни «қалтасыз» аялдамаларды орнату М.Жұмабаев, Ғ.Мұстафин, Ж.Тәшенев, Сығанақ, Қ.Мұхамедханов көшесі және Тәуелсіздік пен Б.Момышұлы даңғылында іске асыру жоспарланған. Дәл қазір елордадағы Тәуелсіздік даңғылы, М.Жұмабаев көшесі, Қорғалжын тасжолында автобустардың аялдамаға кіріп-шығу уақытын қысқарту жұмысы жүріп жатыр. Қоғамдық көліктер тура өз жолағымен келіп, тұрғындарды мінгізіп не түсіріп, сол тура бағытымен жүре бермек. Бұл, әлгінде айтқанымдай, қозғалыс уақытын үнемдеуге, дәл уақытында аялдамаға келуге үлкен септігін тигізуде» дейді полиция капитаны.

АЙЫППҰЛ – 5898 ТЕҢГЕ, АЛ АПТА ӨТКЕН СОҢ...

Мамандардың айтуынша, кептеліс уақытында қоғамдық көлікпен жүрген өте тиімді. Себебі сол, жоғарыда айтқандай, арнайы жолақпен сағатына 50 шақырым жылдамдықпен жүретін автобустар өз уақытын дұрыс пайдалана алады. Ал егер оған кедергі келтіріп, дәл сол автобус жолағында көлігін жүргізетіндерге мемлекет айыппұл қарастырған.

«Егер автобус жолағымен жеке көлік тізгіндегендер жүрсе, белгіленген айыппұл көлемі – 3 АЕК. Яғни 11796 теңге төлеуі тиіс. Бір ескерер жайт бар. Егер тәртіп бұзған жүргізуші бір аптаға жеткізбей төлем жасаса, айыппұл көлемі қысқарып, 5898 теңге ғана төлейді. Екіншіден, жылдамдық шектеу белгісі бойынша, яғни мектеп жанындағы «40» жол белгісіне қатысты тұрғындар тарапынан ұсыныс болып жатады. Олар жазғы каникул кезінде немесе кешкі 8-ден соң жылдамдықты 40-тан асыруға рұқсатнама болғанын қалайды. Бірақ бұл – негізсіз ұсыныс» дейді қалалық ПД Әкімшілік полиция басқармасы жол және техникалық инспекция бөлімінің инспекторы, полиция капитаны Мақсат Имашов.

Мақсаттың айтуынша, жазғы каникулда, кейбір дайындық сабақтарынан бөлек, мектеп жанынан жазғы лагерлер ашылады. Демек, білім беру мекемесінде жұмыс жүреді деген сөз. Сондай-ақ мектеп ауласындағы шағын футбол немесе өзге де спорт алаңдарын жаз бойы сол аудандағы оқушы балалар үзбей пайдаланатынға ұқсайды. «Мұндай сәтте сол маңдағы көлік қозғалысындағы қауіпсіздік мәселесі бірінші орында тұрғаны дұрыс» дейді Мақсат Бақтыберліұлы.

Қош, барлық айтқан мәселедегі шешімнің бағыты біреу-ақ. Бастысы – тұрғындардың жолда жүру уақытын ұрламау һәм қауіпсіздік. Автобус жолағын орнатудағы ең бірінші мақсат осы болып тұрғандай. Екіншіден, автобус жолағына қатысты жол белгілерін жаңарту (жүргізушілерге ашық әрі анық көрінуі) әкімдік құзыретіне кіреді екен. Ал Әкімшілік полиция басқармасының міндеті – мұндай белгілердің дұрыс әрі өз тәртібімен орналасуын қадағалау.

Бір белгілісі, автобус жолағының пайдасы қала тұрғындарына тиімді болып отыр. Тағы қайталап айтсақ, арнайы жолақ қоғамдық көліктердің уақыты мен бағытын дұрыс үйлестіруге негізделгендей. Айтпақшы, мақала басында айтқандай, Абылай хан даңғылындағы қанатқақты жоба өзге көшелерде әзір орнатылмайтын сияқты. Әкімшілік полиция басқармасы қызметкерлерінің сөз ауанынан осыны байқадық.

> Егер автобус жолағымен жеке көлік тізгіндегендер жүрсе, белгіленген айыппұл көлемі – 3 АЕК. Яғни 11796 теңге төлеуі тиіс. Бір ескерер жайт бар. Егер тәртіп бұзған жүргізуші бір аптаға жеткізбей төлем жасаса, айыппұл көлемі қысқарып, 5898 теңге ғана төлейді





Жаңа оқу жылының басталуына санаулы күн қалды. Барлық ата-ананың алдында тұрған міндет – мектеп формасын дайындау. Соңғы жылдары мектеп формасының бағасы ата-аналардың басты уайымына айналған. Сапалы матадан тігілген, ұзаққа шыдайтын форма, әрине, қымбат тұрады. Мұндай киім баланың денсаулығына зиян келтірмейді, сәнді әрі ыңғайлы. Дегенмен бағасы жағдайы орташа отбасылардың қалтасына ауырлық түсіретіні жасырын емес. Ал арзан матадан тігілген мектеп киімі қолжетімді болғанымен, ұзаққа шыдамайды.

МЕКТЕП ФОРМАСЫ: САПА МА, ӘЛДЕ БАҒА МА?



Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Бас қаланың оқушылары үшін бірыңғай қою көк түсті мектеп формасы бекітілген. Астана қаласындағы барлық білім беру ұйымында енгізілген жаңа ережеге сәйкес мектеп формасының түсі – қою көк, үлгісі – классикалық стиль.

«Ұл балаларға арналған форма: пиджак, жилет, шалбар, ақ түсті салтанатты және күнделікті көйлек. Суық мезгілде – тоқыма жилет немесе ақ водолазка. Шалбар кең пішілген, ұзындығы аяқты толық жабуы тиіс. Ең аз ұсынылатын жинақ – көйлек, жилет және шалбар. Ал қыз балаларға арналған форма: пиджак, жилет, белдемше, шалбар, классикалық ақ блузка, сарафан. Суық мезгілде – тоқыма жилет немесе ақ водолазка. Белдемше кеңсе үлгісінде, ұзындығы тізеден 5 см-ден жоғары болмауы керек» дейді Астана қаласы Білім басқармасының баспасөз хатшысы Аяжан Амантайқызы.

ТӨРТ БАЛАНЫ ДАЙЫНДАУ ОҢАЙ ЕМЕС

Бұрынғының балалары тапқанын киетін еді, қазір таңдағанын киетін уақыт. Мамандардың айтуынша, бастысы – матаның ауа өткізуі, тігіс сапасы және баланың өзіне ыңғайлылығы.

«Ата-аналар сапасы мен бағасы үйлесетін, мүмкіндік болса, отандық тігіншілердің еңбегін қолдаған жөн. Дәл қазіргі уақытта олардың алдында таңдау тұр. Сапаға бір рет инвестиция жасап, қымбат форма алу ма, әлде қолжетімді бағадағы, бірақ тез тозуы мүмкін киімді таңдау ма? Бұл сұрақтың жауабы әр отбасының мүмкіндігі мен талғамына байланысты» дейді тапсырыспен мектеп формасын тігетін елордалық тігінші Динара Қайырбекқызы. Ал астаналық көпбалалы ана Жанар Мырзагелдінің айтуынша, мектепке төрт бірдей баласын дайындау оңайға түспейін деп тұр.

«Сапасы орташа киім мен кеңсе құралдарын таңдаймыз. Бір балама кемі 100 мың теңге кетеді екен. Сонда төрт балама 400 мыңдай ақша кететінін біліп отырмын. Мектеп тарапынан көмек барлық көпбалалы отбасыға берілмейді. Жағдайы төмен, әлеуметтік көмек алатын ата-аналарға беріледі. Мұның өзі қымбатшылық бүйірден қысқан заманда аз болса да көмек. Жыл сайын барлық нәрсені қымбатқа аламыз, бірақ өсіп жатқан айлығымыз жоқ» дейді ол.

АТА-АНАНЫҢ ТАҢДАУ ҚҰҚЫ БАР

Мектеп формасына қатысты ата-аналар чатында түсіндіру жұмыстары жүргізілуде. Кейбір мектептер өздері бекіткен үлгідегі форманы қайдан сатып алуға болатынын хабарлап жатыр. Бірақ, ашығын айту керек, ата-аналар мектеп формасын ұсынылған үлгіге сәйкес қалаған сауда орнынан сатып ала алады. Мұны Білім басқармасының өкілі де растап отыр.

«Бірыңғай мектеп формасы оқушылардың тәртіпті, жинақы әрі оқу процесінде біртұтастық пен іскерлік ахуалды көрсетуге бағытталған. Яғни, бала үшін ең маңызды элемент» дейді елордалық ұстаз Айгерім Сейтматова. Оның айтуынша, бірыңғай мектеп формасының болуы сол мектептің келбетін көрсетеді. Сондықтан ата-аналар мектеп ұсынған киімді сатып аларда түсіністік танытқаны абзал. Дегенмен, ешқандай ата-ананы міндеттеу жоқ.

Ал мектеп формасының орташа бағасына келсек, жылы бомберлер баланың жасына байланысты 11 000-13 500 теңге аралығында. Қыз балаларға арналған жеңі ұзын және жеңі қысқа теннискалар 5900-7500 теңге. Белдемшенің бағасы 6000-7900 теңге, ұлдарға арналған шалбар – 9900-12 000 теңге. Қыздарға арналған шалбарлар 9900-11 500 теңге көлемінде сатылуда.

«Биыл BINOM және жаңадан ашылған жайлы мектептің оқушылары бірыңғай форма киеді. Мәселен, 15-16 тамыз аралығында ақ теннискалар, бомберлер, көк түсті юбкалар мен шалбарлар, ұлдарға арналған шалбарлар сатылымға шығады. 23 тамызда көк түсті теннискалар мен өрнекті ақ теннискалар, ал 26 тамыз күні қалған үлгідегі форма түрлері мен негізгі форманың екінші партиясын сатылымға шығарамыз. Жалпы, мектеп формасы жыл бойы біздің дүкендерде болады» дейді Bizdin forma дүкендер желісінің өкілі.

АЛТЫ МЫҢНАН АСТАМ ӨТІНІШ ТҮСКЕН

Биыл елордалық оқушыларға көрсетілетін әлеуметтік қолдаудың көлемі артқан. «Жалпыға бірдей міндетті оқыту» қоры әр балаға 46 228 теңге көмек береді. 2025-2026 оқу жылында 12 734 оқушы аяқ киім, кеңсе тауарлары және басқа да қажетті жабдықтармен қамтылады.

«Көмекті атаулы әлеуметтік көмек (АӘК) алатын отбасының балалары, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылар, жетім балалар және ата-анасының қамқорлығынсыз қалғандар, төтенше жағдайға тап болғандар, қамқоршылық кеңес шешімімен анықталған басқа да осал топтағы балалар алады» дейді Білім басқармасының баспасөз хатшысы Аяжан Амантайқызы. Білуімізше, қазірдің өзінде ата-аналардан 6 мыңнан астам өтініш келіп түскен екен.

МЕКТЕП ЖӘРМЕҢКЕЛЕРІ ӨТЕТІН ОРЫНДАР:

- **Нұра ауданы** – «Анвар», «Magnum» гипермаркеттері, 22-24 тамызда – «Ғашықтар саябағы;
- **Сарыарқа ауданы** – «Рахмет» ОСО, «Көктал» ОСО, «Джаффар» СҮ (Ш.Қосшығұлұлы көшесі);
- **Алматы ауданы** – «Гүлжан» СҮ;
- **Сарайшық ауданы** – «Damu Mall» ОСО;
- **Байқоңыр ауданы** – «Аймақ-Тау», «Тұлпар», «Жаннұр» СҮ;
- **Есіл ауданы** – 2-3 тамыз EXPO халықаралық көрме орталығы, 16 тамыздан бастап әр жұма, сенбі, жексенбі күндері «Mega Silk Way» ОСО.

Бұдан бөлек 1 тамыз бен 30 қыркүйек аралығында өтетін «Мектепке жол» республикалық акциясы аясында 8 500-ден астам балаға мектеп сөмкелері мен кеңсе тауарлары берілетін болады. Осыған байланысты барлық мектепте әлеуметтік педагогтер көмекке мұқтаж оқушылардың тізімін жасауда.

МЕКТЕП ЖӘРМЕҢКЕСІ – ҚОЛЖЕТІМДІ БАҒА

Айта кетейік, бас қалада 31 тамызға дейін әр демалыс күні барлық ауданда мектеп жәрмеңкелері өтеді. Атап айтқанда, Нұра ауданындағы «Анвар», «Magnum» сауда үйлерінде, 22-24 тамызда – Ғашықтар саябағында, Сарыарқа ауданы бойынша «Рахмет», «Көктал» сауда орталықтарында, Алматы ауданында «Гүлжан» сауда үйінде, Есіл ауданында EXPO, ХКО, ал 16 тамыздан бастап «Mega Silk Way» сауда үйінде өтеді. Ұйымдастырушылар мұнда мектепке қажетті тауарларды нарық бағасынан төмен сатып алуға мүмкіндік бар екенін айтады. Сонымен қатар елорданың кез келген азаматы сауда орталықтарында орналастырылған қайырымдылық контейнерлеріне мектепке қажетті заттарды әкеліп тапсыра алады. Оның барлығы мұқтаж отбасының балаларына беріледі.

Түйін

Мектеп формасы төңірегіндегі әңгіме – сапа мен баға арасындағы таңдау. Биылғы әлеуметтік көмек, қайырымдылық жәрмеңкелері мен жеңілдіктер ата-аналардың шығынын сәл болса да азайтуға сеп болмақ. Ал соңғы шешім – әр отбасының мүмкіндігіне байланысты.



Фотоларды Bizdin forma дүкендер желісі ұсынды.



№95 (4839) 14/08/2025 Бейсенбі

ДҮЙСЕНБІ
18 ТАМЫЗ

QAZAQSTAN

6:00 Әнұран
6:05 «Інжу-маржан».
6:45 «Таза Қазақстан»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Анам Анкара». Телехикая.
11:10 «ФАЗИЛЕТ ХАНЫМ». Телехикая.
12:10 «Қызық екен...»
13:00 «Бау-бақша»
13:25 «Көңіл толқыны»
14:10 «Шабдалы 18». Телехикая.
15:10 «Дала дәмі»
15:25 «ШЕКАРА ШЕБІНДЕГІ СЕНІМ».
15:45 «Замандастар»
17:20 «ТАПҚЫР ОТБАСЫ».
18:00 «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». Телехикая.
19:00 «КЕК ЖОЛЫНДА». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «Ақжауын». Телехикая.
21:20 «АНАМ АНКАРА». Телехикая.
22:15 «Көңілді тапқырлар алаңы».
23:10 «Отыңды өшірме». Телехикая.
0:05 «Дарын». Телеолимпиада.
1:30 «Сана»
2:35 «Тапқыр отбасы».
3:15 «Шекара шебіндегі сенім».
3:35 «Бау-бақша»
3:55 «Қызық екен...»
4:35 «Ең дәмді»

5:00 «Дүлдүлдер дүбірі»
6:00 Телехикая. «Өз үйім 2»
7:00 «Оян!»
10:00 Мультсериал.
10:30 Телесериал. «Зимородок 2»
12:30 Телехикая. «Келінжан 4»
14:00 Телехикая. «Әйел бақыты»
16:00 Телесериал. «На твоей стороне 2»
18:00 Новости
18:30 Жаңалықтар
19:00 Телехикая «Жаңбырлы ғұмыр»
20:00 Телехикая. «Әйел бақыты»
22:00 Телесериал. «На твоей стороне 2»
0:00 Телесериал. «Перекресток»

ASTANA TV

06.30 «Место встречи изменить нельзя»
08.20 «Сен келерсің» телехикаясы
09.15 «Қара ниет 6» телехикаясы
10.35 «Ана» телехикаясы
11.50 «Осман 5» телехикаясы
16.15 «Өмір» телехикаясы
16.50 «Чужие дети» телесериал
18.00 «12 стульев» телесериал
19.30 «Astanatimes»
20.00 «Ана» телехикаясы
21.00 «Қара ниет 6» телехикаясы
22.00 «Осман 5» телехикаясы
00.00 «Сен келерсің» телехикаясы
01.00 «Тақ тартысы» телехикаясы

6:00 «П@YTINA» бағдарламасы
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ТЕОРИЯ НЕВЕРОЯТНОСТИ».
14:20 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE» бағдарламасы.
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ» бағдарламасы.
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:30 «ВМЕСТО НЕЁ»
1:00 «УБОЙНАЯ СИЛА 3»
2:25 «П@YTINA» бағдарламасы
3:30 «ЕҢ АЛҒАШҚЫ» бағдарламасы

7:05 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ»
7:30 «ТОҒЖАН», отандық телехикая.
9:30 «БЫЛО ДЕЛО»
11:15 «КОНЬКИ ДЛЯ ЧЕМПИОНКИ»
14:30 «БЕССМЕРТНИК», мелодрама
16:20 «РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА»
19:00 «ӨКІНБЕ СЕН», өзбек телехикаясы.
20:35 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:30 «ОДНАЖДЫ В ЧУКУРОВА», турецкая мелодрама.
23:20 «ШЕФ-7», криминальная драма.
1:15 «ЦВЕТ МЕСТИ», мелодрама
2:50 «ӨКІНБЕ СЕН», өзбек телехикаясы. (қайталау)
4:10 «ТОҒЖАН», отандық телехикая. (қайталау)
5:25 «ӘНІМ СЕН ЕДІҢ», ойын-сауық бағдарламасы (қайталау)
6:10 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

06:00 «Әзіл студио»
06:30 «31 әзіл»
07:00 «Күліп All»
07:30 «Ғажайыпсың» телехикаясы.
09:10 Мультсериал «Кунг-фу Панда»
10:10 «Пингвины Мадагаскара»
10:40 Мультсериал «Губка Боб»
11:20 «Жыным сол 2» комедиясында
13:40 «Такси 5» (қайталау)
16:00 «Противостояние» (қайталау)
18:00 «Пророк»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Последний замок»
23:50 «Тырна» телехикаясы. 6 бөлім
00:30 «Ғажайыпсың» телехикаясы.
02:00 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
02:40 «Time Vine»
04:20 «1001 Әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATTLE»
05:20 «Ризамын»

6:00 Әнұран
6:02 «Дем.Соңғы үміт» Телехикая.
7:00 «Әкесінің баласы» Телехикая.
8:00 Тұрсынбек Қабатовтың әзілдері
10:00 «Великолепный век. Кёсем».
11:10 «Стамбульская невеста».
13:10 «Жүрекке жазылған жол»
14:30 «ӨМІРДІҢ ӨЗІ» Телехикая
15:30 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы
16:00 «1001 ночь» Телесериал.
17:00 ФАКТОР СТРАХА
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:30 «ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗ»
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. КЁСЕМ»
21:00 «СТАМБУЛЬСКАЯ НЕВЕСТА»
22:40 «1001 НОЧЬ» Телесериал
23:40 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы
0:30 Х/с «Пока станица спит»
1:20 Жаңалықтар. Новости
2:10 Здоровье с Айнур Тажиной
2:40 Қызықты weekend
3:30 «Жұлдызды шаңырақта»
4:00 Q-елі

НТК

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 «Екі езу» (каз.)
08.30 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
09.30 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
09.50 «МОНСТРЫ НА КАНИКУЛАХ 2»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
17.00 «INSTA LIKE» (каз.)
17.20 Сериал «ПАТРУЛЬ»
18.30 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
19.30 Сериал «ИВАНОВЫ-ИВАНОВЫ»
20.30 «ТЕРМИНАТОР: ГЕНЕЗИС»
22.50 «АННИГИЛЯЦИЯ» (фантастический триллер, Натали Портман, Оскар Айзек, Джина Родригес)
01.20 «Қызық Live» (каз.)
02.00 «Ұ- NIGHT SHOW» (каз.)
